

Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Сырдария-Түркістан мемлекеттік өнірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағын белгілеу, қорғау аймағында табиғат пайдаланудың мөлшері, шекарасы, режим түрлері және тәртібі туралы

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 82 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 сәуірде № 3168 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 12.12.2024 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заны 27-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заны 10-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына, 18-бабының 2-тармағына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Сырдария-Түркістан мемлекеттік өнірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жерінің айналасынан қорғау аймағын, қорғау аймағының мөлшері, шекарасы ені екі шақырымнан, жалпы ауданы 263092,5 гектарда белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 12.12.2024 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Сырдария-Түркістан мемлекеттік өнірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағында табиғат пайдаланудың режим түрлері және тәртібі осы қаулыға қосымшаға сәйкес белгіленсін.";

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 12.12.2024 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. "Оңтүстік Қазақстан облысының әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Ә.Садырға жүктелсін.

Облыс әкімі

А.Мырзахметов

Б.Оспанов

Б.Жылқышиев

Е.Айтханов

С.Қаныбеков

Е.Садыр

С.Тұяқбаев

А.Абдуллаев

Р.Исаева

Оңтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2015 жылғы
"01" сәуірдегі № 82 қаулысына
қосымша

Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Сырдария-Түркістан мемлекеттік өнірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағында табиғат пайдаланудың режим турлері және тәртібі

ЕскеRTу. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 12.12.2024 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Сырдария-Түркістан мемлекеттік өнірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Өнірлік парк) қорғау аймағында экологиялық жүйелері мен оларда орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық объектілерінің жай-күйіне және оларды қалпына келтіруге теріс ететін қызметке жол берілмейді:

1) Өнірлік парктің экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін объектілер орналастыруға, жобалауға, салуға және пайдалануға, жаңа технологияларды енгізуге;

2) ластаушы заттар мен сарқынды суларды атмосфераға шығару және ашық су көздері мен рельефке төгуге;

3) пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге (бұрын берілген келісім шарттар мен лицензияларға қолданылмайды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда);

4) аң аулауға;

5) радиоактивті материалдар мен өнеркәсіптік қалдықтарды көмуге;

6) Өнірлік парктің экологиялық жүйелерінің гидрологиялық режимін өзгертуі мүмкін қызметке (бөгеттер, дамбалар, гидротехникалық құрылыштар және табиғи су ағынын тоқтатуға немесе азайтуға душар ететін басқа да объектілер салуға);

7) жабайы жануарлар мен жабайы өсетін өсімдіктердің бөтен түрлерін интродукциялауға;

8) Өнірлік парктің экологиялық жүйелеріне зиянды әсер етуі мүмкін басқа да қызметке.

2. Өнірлік парктің қорғау аймақтарының аумағында өнірлік парктің экологиялық жүйелерінің жай-күйіне теріс әсер етпейтін шаруашылық қызметтің мынадай әртүрлі нысандары жүзеге асырылуы мүмкін:

1) орман шаруашылығы қызметі;

2) мал жаю мен шөп шабуды қоса алғанда, дәстүрлі жер пайдалану, сондай-ақ биологиялық әртүрлілікті ұзақ мерзімді сақтау мен оның беріктігін қамтамасыз ету шенберіндегі өзге де қызмет;

3) туристік және рекреациялық қызмет;

4) минералды суларды, бальнеологиялық және климаттық ресурстарды пайдалану;

5) көспішлік және әуесқойлық (спортық) балық аулау, сондай-ақ балық өсіру;

6) орман және дала өрттерін сөндіру бойынша жердегі және авиациялық жұмыстарды жүргізу;

7) бүлінген жерді қалпына келтіру;

8) орман және өзге де өсімдіктер қауымдастырын қалпына келтіру;

9) жабайы жануарлардың мекендеу ортасы мен санын қалпына келтіру;

10) жер участекерін туристер болатын жерлерді жайластыру, өсімдіктер мен жануарлардың эндемиялық, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін қолдан көбейтуге, өсіруге, өндіруге арналған питомниктер орналастыру, сондай-ақ өнірлік парк жұмыскерлерінің тұруына арналған қызметтік үй-жайлар (кордондар) салу, оларға қызметтік жер телімдерін беру үшін пайдалану.

3. Өнірлік парктің қорғау аймағында осы қосымшаның 2-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын және көбею жағдайларын, жануарлардың өріс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделуге және жүзеге асырылуға, жабайы жануарлардың мекендеу ортасы ретінде ерекше құнды болып есептелетін участекердің, сондай-ақ мемлекеттік табиғи-қорық қорының өзге де объектілердің дербестігі қамтамасыз етілуге тиіс.